Жаднама
№4

Әрбір ата-ана ерте ме, кеш пе өзіне мынадай сұрақ қоя бастайды

Мен балабақшаға жолдама алдым, әрі қарай не істеуім керек?

INDIGO
ЭЛЕКТРОНДЫҚ БАЛАБАҚША

Балаңызды балабақша кезегіне қою рәсімі екі кезеңнен тұрады:

1. Балабақшаға кезекке қою үшін қажетті құжаттардың барлығын жинау

2. Электрондық жолдаманы балабақшада тіркеу және шарт жасасу

5 күн	5 күн
Тіркеу	Шарт жасау

1

Балабақшаға кезекке тұру үшін қажетті барлық құжаттарды жинау:

Біз мектепке дейінгі ұйымға кезекке тұру үшін құжаттарды алдын ала дайындауды ұсынамыз

ІНҢ ТІЗІМІ:

- **Заңды өкілінің жеке куәлігінің түпнұсқасы**
  баланы сәйкестендіру үшін
- **Баланың Туу туралы куәлігінің түпнұсқасы**
  баланы сәйкестендіру үшін
- **Денсаулық паспорты**

Құжаттарды

емханадан алынады және мектепке дейінгі ұйымға тапсырылады

Денсаулық жағдайы туралы анықтама

емханада беріледі және мектепке дейінгі ұйымға тапсырылады

ПМПК қорытындысы

ерекше білім қажеттіліктері бар балалар үшін

Осы құжаттар тізімі барлық үлгідегі және түрлердегі мектепке дейінгі ұйымдар үшін толық және жеткілікті болып табылады

Бұл дегеніміз мемлекеттік, сондай-ақ жекеменшік балабақша баланы қабылдайтын кезде, қандай да бір басқа құжаттарды талап ете алмайды

Ескертпе!

Баланы балабақшаға қабылдау кезінде оның ата- анасы Білім беру қызметтерін көрсету шартынан басқа кез келген өзге құжаттарға қол қоюдан бас тарта алады, Шарттың мазмұны үлгілік болып табылады және заңмен реттеледі

2

Электрондық жолдаманы балабақшада тіркеу және Шартты жасасу:

Сіз өз кезегіңізді күттіңіз, балабақшаға кезекке өтініш бердіңіз және электрондық жолдаманы алдыңыз

Балаңыздың растайтын құжаттарын тапсыру үшін балабақшаға барып, жолдаманы электрондық жүйеде тіркеу үшін 5 жұмыс күні беріледі

Жолдаманың қолданылу мерзімі - 5 жұмыс күні!
Егер 5 күн ішінде жолдама балабақшаның электрондық жүйесінде тіркелмеген болса, оның мерзімі өтіп кеткен болып есептеледі.
Бұл жағдайда жолдаманың күші жойылады және 10 күнге СТОП-параққа жіберіледі.
СТОП-парақта болған уақытында, Сіз босорындардың бөлінуіне қатыса алмайсыз

Бірақ! Егер кезекке тұрудан бас тартсаңыз, алайда жолдаманы алған болсаңыз, INDIGO-ның Жеке кабинетіңізде жолдаманы қайтара аласыз. Бұл жағдайда Сіз СТОП-параққа енгізілмейтін боласыз

Жолдаманың соңғы күні оның мерзімін тағы 30 күнге ұзарта аласыз. Бірақ балабақшаға келе алмаудың себебі көрсетіп, растайтын құжаттарыңызды ұсынуыңыз керек

Қандай себептер маңызды болып есептеледі:

- *Шетелдік іссапар*
- *Шетелде демалыс*
- *Ауруханада емделу және т.б.*

Егер барлық құжаттарыңыз дайын болса, шартқа қол қойып, мектепке дейінгі ұйымға қабылдана бересіз

Егер барлық құжаттарды жинап үлгермесеңіз, балабақша Шартты жасасу үшін Сізге тағы 5 күндік мерзім беруге міндетті

Жеке кабинетіңізге қалай кіресіз?



1 Жеке кабинетке кіру үшін еш жерде тіркелмейсіз!

Сіз кезекке қою үшін өтініш берген кезде, Жеке кабинетті ашып алдыңыз

Сізге бар болғаны, мыналар керек:

- *Ата-ананың ЖСН-і;*
- *құпиясөз*

  жүйе өтінішті беру кезінде көрсетілген телефон нөміріне жібереді

Өте Маңызды!

Егер кезекке қою туралы өтінішті беру кезінде көрсетілген нөмірді жоғалтсаңыз немесе ол қолданылмайтын болса, нөмірді жүйе арқылы қалпына келтіруіңіз керек, бірақ бұны алдын ала жасаңыз. Яғни, балабақшаға кезекке электрондық жолдаманы алу уақыты келгенге дейін



2 Жеке кабинетіңізге бірінші рет кірген кезде, жүйе телефон нөміріңізге біржолғы құпиясөз жібереді, оны «Құпиясөзді енгізіңіз» деген жолға жазыңыз



Біржолғы құпиясөзді енгізгеннен кейін жүйе жеке құпиясөзді жасауға мүмкіндік береді, оны әрі қарай Жеке кабинетіңізге кіру үшін пайдаланатын боласыз

Назар аударыңыз!

Балабақшаға электрондық жолдаманы алу уақыты келгенге дейін
Жеке кабинетіңіздегі барлық ақпараттың дұрыс екендігін тексеруіңіз керек:
өтініш берушінің ЖСН-і, телефон нөмірлеріңіз

Ал Сіз білесіз бе?

- *INDIGO жүйесіне компьютерден ғана емес, телефоннан да кіруге болады*
- *Сіз балабақшаға ғана емес, сондай-ақ шағын орталыққа да кезекке өтініш беруіңіз мүмкін*
  Өтінішті толтырған кезде қандай нөмірді (ол Сізге кейін керек болады) көрсетіп жатқаныңызға мән беріңіз
- *Жеке кабинетіңізге кіру үшін ата-ананың ЖСН-ін енгізу керек, содан соң өтініште көрсеткен нөміріңізге біржолғы құпиясөз жіберіледі*
- *Өтінішті берер алдын, Жеке кабинетіңізге кіріңіз және барлық ақпараттың дұрыс екеніндігіне көз жеткізіңіз*

INDIGO
ЭЛЕКТРОНДЫҚ БАЛАБАҚША

Баланың табысты жолы осында басталады!

Бұл жөнінде көбірек пайдалы ақпаратты әлеуметтік желілердегі біздің парақшаларымызда бар

indigo_webline

indigo.webline

Құжат, оның құрылымы, формат-логикалық бақылау қағидалары және орналастырылған медиа-контент Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңымен қорғалады. «КДС-Франчайзинг» ЖМ, 2019